

## **БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САБАҚТАРЫНА ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1.1. Осы Ереже Білім беру процесіне қатысушылардың оқу сабақтарына қатысу тәртібін белгілейді және Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының орындалуын қамтамасыз етуге арналған.

1.2. Оқу-тәрбие процесіне қатысы жоқ адамдардың оқу сабақтарына қатысуына жол берілмейді.

1.3. Ашық оқу сабақтарына қатысуға білім беру процесінің барлық қатысушыларына рұқсат етіледі.

### **2. Колледж әкімшілігінің оқу сабақтарына қатысу**

2.1. Колледж әкімшілігінің сабақтарға қатысуы жоспарлы (колледжішілік бақылау шеңберінде), сондай-ақ жоспардан тыс болуы мүмкін.

2.3. Колледж әкімшілігі қатысқан сабақтардың саны – айына 4 сабақтан кем емес.

2.4. Әкімшінің құқығы бар:

- 1) күнтізбелік-тақырыптық жоспарлаумен танысуға;
- 2) сабақ жоспарымен танысуға;
- 3) студенттердің дәптерлерін жинауға және қарауға;
- 4) сабақтан кейін студенттермен әңгімелесуге;
- 5) егер білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары өрескел бұзылса, сабақтың барысына араласуға;

2.5. Сабаққа қатысқаннан кейін әкімші мен оқытушының келесі бағыттар бойынша сұхбаты міндетті болып табылады:

- 1) оқытушының оқу сабағын өзіндік талдауы;
- 2) әкімшінің сабақты талдауы;
- 3) қатысқан сабақ нәтижелері бойынша оқытушы мен әкімшінің қорытындыларын келісу.

### **3. Білім алушылардың ата-аналарының сабаққа қатысуы**

3.1. Ата-аналар оқу сабақтарына колледж басшысының, басшы орынбасарларының немесе бөлім сынып жетекшісінің жазбаша немесе ауызша рұқсатымен қатыса алады.

3.2. Сабаққа қатысу аясында ата-аналардың құқығы бар:

- 1) сабақ барысымен, мазмұнымен, оқытушының талаптарымен танысуға;
- 2) өз баласының жұмысқа қабілеттілігін, оның белсенділігін бағалауға;
- 3) оның өз ойын немесе орындаушылық тәжірибесін сауатты, дұрыс жеткізе білуін көруге;
- 4) баланың ұжымдағы орнын түсінуге;
- 5) оның білім көлемін мемлекеттік жалпыға міндетті стандартпен, басқа студенттердің білім көлемімен салыстыруға;

б) баға қоюдың объективтілігіне көз жеткізуге міндетті.

3.3. Қатысқан сабақтың қорытындысы бойынша ата-аналар өздерін қызықтыратын мәселелер бойынша кеңес алуға құқылы.

3.4. Сабаққа қатысу кезінде ата-аналар міндетті:

1) тәртіпті сақтауға;

2) сабақ аяқталғанға дейін кабинеттен шықпауға міндетті.

#### **4. Колледж оқытушыларының сабаққа қатысуы**

4.1. Оқытушылар колледждің жұмыс жоспарына сәйкес жылына кемінде 4 оқу сабағына (2 семестрде) қатысады.

4.2. Келуші:

1) оқу сабағына ол басталғанға дейін келуге тиіс;

2) ұялы телефонды өшіруге;

3) педагогикалық әдеп ережелерін сақтауға (оқу сабағын өткізу барысына араласпауға; сабақ кезінде студенттермен әңгімелесуге, оларға сұрақтар қоюға және т. б.);

4) оқу сабағын бақылау нәтижелерінің жазбасын жүргізуге;

5) сабақты аяқтағаннан кейін кетуге;

6) сынып жетекшісіне сабақтарға өзара қатысу парақтарын тапсыруға міндетті.

4.3. Келушінің құқығы бар:

1) оқытушының рұқсатымен сабақтан кейін білім алушыларға сұрақтар қоюға;

2) сабақты бақылау нәтижелерін енгізу үшін карталарды, кестелерді пайдалануға.

4.4. Оқу сабақтарына қатысқаннан кейін әңгімелесу өткізіледі, онда қатысудың нәтижелері бойынша қорытындылар келісіледі.

4.5. Бөлімдердің отырыстарында оқытушылардың қатысқан сабақтарын талқылау жүргізіледі.

#### **5. Сабаққа қатысу кезінде құжаттарды рәсімдеу**

5.1. Білім беру процесіне қатысушылардың оқу сабақтарына қатысу нәтижелері міндетті түрде құжатпен рәсімделеді.

5.2. Оқу сабағын талдау оң бағалардан басталады.

5.3. Ғылыми-әдістемелік терминологияны қолдана отырып, талдаушы бағалау пікірлерін тұжырымдайды («әдістемелік әдістер талаптарға сәйкес қолданылды...», «әдістемелік тәсілдердің үйлесімі... принципіне сәйкес келеді», «студенттер жұмысының бұл түрі педагогикалық сауатты ұйымдастырылған...»), оқытушыға құрметпен қарау формаларын қолдана отырып, оқу сабағына нақты баға береді.

5.4. Талдауда басқа оқытушылардың қызметімен салыстыру, «маған ұнады» сияқты пікірлер қолданылмайды.

5.5. Талдаушы басқа сөз сөйлеушілердің бағасын қайталамайды, оған дейін сөз сөйлегендермен келісім (келіспеушілік) білдірумен шектеледі. Басқа оқытушылардың пікірімен келіспеген жағдайда сөз сөйлеуші міндетті түрде өз ұстанымын негіздейді.

5.6. Оқытушы сабаққа қатысу кезінде ұсынылған ұсыныстарды, ескертулерді ескеруге міндетті.